

Жер қойнауын пайдалану құқығын кепілге беруге Лицензиялық органның рұқсатын беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 21 мамырдағы N 460

"Жер қойнауын пайдалану құқығын кепілге беру туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 10 сәуірдегі N 526 P970526_ қаулысымен бекітілген Жер қойнауын пайдалану құқығын кепілге беру туралы ережеге сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Ащполиметалл" акционерлік қоғамына Құмықты тобының алтын руда кен орындарын барлау мен игеру құқығына 1996 жылғы 23 мамырдағы МГ N 176Д (Келіншектау), 1996 жылғы 23 мамырдағы МГ N 436Д (Жолбарысты), 1996 жылғы 23 мамырдағы МГ N 435 (Шован), 1996 жылғы 23 мамырдағы МГ N 177Д (Төменгі Құмықты) Лицензияларымен берілген жер қойнауын пайдалану құқығын "Varanus Properties Incorporated" компаниясына кепіл ретінде беруге рұқсат етілсін.

Лицензия шарттары бұзылған жағдайда Лицензиялар кері қайтарып алынуы мүмкін.

1998 жылдың 1 қазанына дейінгі мерзімде Кепіл шарты жасалмаған жағдайда бұл Рұқсаттың күші жойылады.

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетіне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі